

хватает времени побыть на свежем воздухе, последствиями чего являются: потеря сознания, нервные срывы – причем именно во время Единого национального тестирования.

Систему обучения выпускников, процесс подготовки их к сдаче Единого Национального тестирования необходимо организовать таким образом, чтобы последствия обучения и подготовки были в меньшей степени негативны, отрицательны, чем они есть на данный момент.

Для нейтрализации негативных последствий Единого национального тестирования нами разработаны и предлагаются следующие действия:

1) оставить предметы, крайне необходимые для общего развития учащихся, а после них сразу же проводить уроки для подготовки к Единому национальному тестированию;

2) педагогам исключить психологические факторы, негативно влияющие на эмоциональное состояние, здоровье школьников: сложность прохождения Единого национального тестирования, присутствие некорректно-поставленных вопросов, наличие двух и более правильных ответов, усиленное наблюдение за учащимися в процессе Единого национального тестирования;

3) необходимо проводить с ребятами психологические тренинги, занятия для снятия психологического, эмо-

ционального напряжения. Давать ребятам возможность отвлечься от мыслей о строгих правилах прохождения Единого национального тестирования;

1) организовать подготовку выпускников к сдаче Единого национального тестирования с учетом их индивидуальных знаний, умений, навыков;

2) общение педагогов со школьниками направлять на усиление уверенности в себе ребят, в своих возможностях, способностях;

3) упростить систему сдачи Единого национального тестирования.

В итоге реализации наших предложений мы получим:

✓ школьников, подготовленных к успешной сдаче Единого национального тестирования;

✓ родителей, спокойных за здоровье своих детей;

✓ педагогов, уверенных в своих учащимся;

✓ а также сохраним здоровье школьников, их родителей и педагогов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Оралбаева А.А., Захаров В.Я. «Единое национальное тестирование – итоги, проблемы, перспективы»// Учитель – методист № 4, 2006.
2. Искандер С. «Готовимся к ЕНТ»// Казахстанская правда 22 февраля 2008.

Сарсенбаева М.К., аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

«Инновация» ұғымын анықтайтын нақтылы анықтама әлі де жасала қойған жоқ. Біз өз зерттеу жұмысымызда Ш. Таубаева мен Қ. Құдайбергенова берген анықтамаға сүйенгенді жөн көрдік, яғни «инновация» – бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде –

ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсат дегеніміз не? Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі ту-

ралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже – жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Инновациялық үрдістің негізгі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бір қатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастырып, талдай келе біз бұл ұғымның түп-төркінін белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтқанды жөн көрдік. Сол ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынысы, мұның өзі инновациялы деп аталған.

Осыларды негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп ұғатын боламыз.

Дамыта оқыту – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады.

Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, мұғалімнің рөлімен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілдерінде, оқушының білім алу белсенділігінің түрінде, оқу үрдісі мүшелерінің әрекеттестік ерекшеліктерінде, олардың қарым-қатынас сипатында, танып-білу үрдісін ұйымдастыру түрлерінде, т.б.

Оқушылардың сабақтарында сабаққа қызығуын табыстары демеп, ал табысқа қызығу итермелеп отыратындықтан, балалардың белсенділігі өте жоғары болады. оның үстіне, тек табыспен және табысқа сеніммен жеңуге болатын, өзіне сенбеуден пайда бо-

латын бойкүйездік бұл сабақтарда мүлде болмайды.

Мақсатына өзіне сенген адам ғана жете алады десек, даналықтың бір көрінісі болып есептелетін, әр адамға сенім білдіру бұл сабақтарда жүйе де нақты байқалып отырады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңдағы ұлттық мектеп белгілі білім мен дағдылар жиынтығын ғана маңгерген азаматтар ғана емес, ұлттық дүниетаным негізінде өз көзқарасы қалыптасқан, әлеуметтік белсенділігі жоғары, отаншыл, қандай ұлтпен болса да тең дәрежеде қатар тұратын тұлғаларды тәрбиелеп есіруге бағытталған.

Жаңа технологиялар туралы түсінік. Ал, технология түсініктемесіне сөздікте қандай да болсын істеп шеберлікті, оқыту-үйретудегі амалдардың жиынтығы деп, ал педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданатын барлық қисынды ілім амалдарды мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті деп түсінік береді В Кларин.

Педагогикалық жаңа технологиялар – іс әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйенің жобасы.

Ал, педагогикалық жүйе – жеке дара тұлғаны жетілдіруге, қалыптастыруға бағыттау мен белгілі бір мақсатқа жету жолындағы арнайы педагогикалық ықпалды ұйымдастыруға қажетті өзара байланысты әдістердің, құралдардың жиынтығы. Олай болса, дәл қазір бізге осы педагогикалық жүйені дамыту, оны практикада пайдалану шарт. Ұстаздар ес шығармайтын негізгі мемлекеттік стандарттың талаптарын толық басшылыққа ала отырып жұмыс істеуінде.

Олай болса, педагогикалық технология – оқу тәрбие үрдісінің шығармашылықпен оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі.

Осындай жауапты міндетті шешуде өз жерін, елін сүйетін, адамгер-

шілік қуаты мол, білімді, парасатты ата-бабасының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін бойына сіңірген ұрпақты тәрбиелеуде жаңа буын оқулықтарының алатын орны ерекше.

Демек білім беру мазмұнын жаңарту үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің объективті заңдылығы. XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды талантты адамын қалыптастыру таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Қай кезеңде қай заманда болмасын мектептегі басты тұлға мұғалім десек, дүниежүзілік даму деңгейінен кем түспейтін, иық тірестіре алатын, алған білімімен тәрбиелік қазынасын туған еліне, адамзат игілігіне жұмсай алатын қазақтың ой танымының иесі, саналы азаматты жетілдіруге үлес қосатын қазақ тілін оқыту процесі, оны ұйымдастырушы мұғалімге жауапты міндет жүктеледі. Сондықтан бүгінгі ұстаз ескінің көзіндей, жаңаның өзіндей болып дүниежүзілік мәдениетті танытын, төл мәдениетін қастерлейтін, силайтын, оны өзгеге таныта, сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық деңгейі жоғары, білімді, білікті болуы керек. Ұстаз – әрбір сабағында шәкіртін таң қалдыруды ұмытпаған жөн.

Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы біздің педагогикалық лексикамызға еніп келеді. Дегенмен, оның мән-мағынасы туралы пікірлер алуан түрлі. Түсіндірме сөздікте «Технология бұл қандайда болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі адамдардың жиынтығы» делінсе, Б. Лихачев педагогикалық технологияны оқу үрдісіне белгілі бір мақсат көздей отырып әсер ететін педагогикалық ықпал деп түсіндіреді. Ал технологиялық үрдісті нақты педагогикалық нәтижеге жетелейтін бөліктердің белгілі бір жүйесі ретінде көрсетеді және педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта «Бала мен мұғалім үнемі түрленіп отыратын өз ара қарым-қа-

тынастың өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылым» дейді.

Қазіргі кезде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар. Қазіргі кезде қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологияның негізіне мыналар жатады:

- әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру;

- оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;

- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру.

Жаңа педагогикалық технологияларға ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру технологиясы, мәселелік оқыту технологиясы, тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы, түсіндіре басқарып озат оқыту технологиясы, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы, міндетті нәтижелерге негізделген саралап оқыту технологиясы және жобалап оқыту технологиясы кіреді.

Ынтымақтастық педагогикасының негізгі мақсаты – талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшу, балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі.

Ынтымақтастық педагогикасының ерекшеліктері мына төмендегідей:

- мұғалім - оқушы, оқушы – мұғалім, оқушы - оқушы. Оқушы да субъект, мұғалім де субъект;

- оқушының жеке басына ізгілік қарым-қатынас;

- оқушы мен мұғалім арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас.

Білім берудің ізгілендіру технологиясының негізін қалаған Ш. Амонашвили. Білім берудің ізгілендіру технологиясының мақсаты - баланы азамат етіп тәрбиелеу, баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Мәселелік оқыту технологиясының негізгі мақсаты - оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту.

Мәселелік оқыту технологиясының ерекшеліктері мынадай:

- оқушының белсенділіктерін арттыру;

- оқу материалында баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәселе туғызу;

- оқушы материалды сезім мүшелері арқылы қабылдап қана қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді.

Жаңашыл ресейлік мұғалім Лысенкова С. өза отырып оқыту технологиясының авторы болып саналады. Бұл технологияның негізгі мақсаты – барлық баланы табысты оқыту. Бұл оқыту технологиясы төмендегідей ерекшеліктерімен сипатталады:

- оқу материалдарының бірізділігі, жүйелілігі;

- саралау, әр оқушыға берілетін тапсырманың қолайлығы;

- бағдарламаның, кейбір тақырыптардың қиыншылықтарын жеңу, қиын тақырыптарды біртіндеп оңайлату әдісін қолдану: сабақты пысықтауға әуелі озаттар, сосын орташалар, ең соңынан нашар оқушылар қатыстырылады;

- бірте-бірте толық дербестікке жету;

- сыныпта қалыпты жағдай қалыптастыру: түсіністік, өзара көмек, ынтымақтастық қарым-қатынас;

- оқушының қателігін ескерту, бірақ еш жазғырмау;

- үй тапсырмасы тек әр оқушының мүмкіндігіне қарай (әркім өзі орындай алатын жағдайда ғана) беріледі;

- білім, білік, дағдыны дамыта меңгерту;

- түсіндіруді қабылдау.

Деңгейлік оқыту мен деңгейлік тапсырмалар туралы ұғым. Деңгейлік оқыту ұғымы, олардың семантикалық

ауқымына түсінік. Жалпы дидактика да, әлемдік әдістеме ілімінде де «Деңгейлік оқыту» ұғымы бұрыннан қалыптасқан. Деңгейлік оқыту мәселелерінің негізгі қағидалары, заңдылықтары, оны жүзеге асыру жолдары аталған ғылым салаларында қарастырылады. «Деңгей» және «деңгейлік» тапсырмалар ұғымдарының семантикалық ауқымына қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде былай түсініктеме береді:

Деңгей. Зат.

1. Тұспа - тұсы, нақ, шеңі;

2. Белгілі бір шамада, көлемде;

3. Қатар, мөлшер;

4. Дәреже (творчествалық мүмкіншілік). **Деңгейлік. Зат. Сын.**

1. Өлшеуіш (құрал);

2. Жұмыс түріне қарай деңгейін, ауқымын көрсетеді.

«Деңгей» сөзі термин ретінде алғаш математика ғылымында пайда болған. Математикада бұл термин «өлшеу құралы», «шама» деген ұғымға саяды. Бұл жерде аталған анықтама өзінің бастапқы және нақты «өлшем» мағынасында қолданылып отыр. Сонымен қатар, берілген түсініктің жалпыға ортақ, әмбебап қасиетке ие екенін де байқау қиын емес. Олай болса, бұл ұғым математикаға ғана емес, адам әрекетінің барлық саласына жататын мәселелерді қамтиды. Деңгейлік идеясы басқа ғылым салаларына математикадан енді. Сөйтіп, психология, физика, химия тағы басқа ғылымдарда кеңінен қолданыла бастады.

Кеңестік педагогикадағы деңгейлік оқыту жүйесінің тарихы, ғалымдардың еңбектері, ой-пікірлері.

Деңгейлік оқыту технологиясы тек 1995 жылдан бері ғана толық қолға алынғанын айтсақ, оның зерттелу тарихына тереңірек үңілген ғалым-академик В.М. Монаховтың «Оқытудың модульдік технологиясы», Б. Блумның «Толық меңгеру технологиясы», П.И. Третьяков пен И.Б.Сенновскийдің «Мектептегі оқытудың модульдік технологиясы», А.В. Талы-

зина мен Г.Я. Гальпериннің «Ойлау қызметінің сатылап қалыптасу теориясы» еңбектерінде оқытудың әдістемелік жүйесін (сабақтың мақсатын, мазмұнын, оқытудың түрі мен құралы) дәстүрлі түрде оқушының даму процессіне бағыттайды.

Америка ғалымдары Дж. Кэрролл мен Б. Блум «Білімді толық меңгеру технологиясы» еңбегінде оқыту технологияны үш топқа бөлген.

1. Түсіндірмелі - бейнелі.
2. Жеке - бағдарлау.
3. Дамыта оқыту.

1.1 Деңгейлеп - саралап оқытудың негіздері.

Қазақстанда деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы 1998-1999 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді.

Профессор Ж. Караевтың деңгейлеп - саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуге талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударады.

Деңгейлеп - саралап оқыту технологиясында міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты-сынып оқушыларын «қабілетті-қабілетсіз» деген жіктерді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты 1-деңгейден орындайды. I деңгей тапсырмаларын орындау Мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. I деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады. әрбір оқушы I деңгейді орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгірімі төмен, баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады?» – деген сұрақ туады.

I деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек.

Деңгейлеп - саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг - ұпай жинау әдісіне баулу. Деңгейлік тапсырмалар рейтинг – ұпай жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды.

Деңгейлеп оқыту - 1. Бұл жалпы дидактикалық жүйенің бір бөлігі. Ол әр түрлі деңгейлі оқу тобына арналады. 2. Оқу үрдісін ұйымдастыру нысаны /формасы/. Мұғалім мінезқұлқы, білімі ортақ деңгейлі оқушылармен жұмыс істейді.

Деңгейлеп оқыту - 1. Әр түрлі мектеп, сынып оқу тобы үшін оқытудың әр түрлі деңгейлі жағдайын жасау. 2. Әр түрлі гомогенді топта, сыныпта оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастыру, басқару шараларының кешені. Оның негізгі ұстанымы - саралап оқыту.

1.2 Деңгейлеп - оқытудың жолдары, бағыт - бағдары.

- жас құрамы бойынша /сыныптар, жасы бойынша тетелестер, әр жастағы оның білім деңгейі бір топтар/;

- жынысы бойынша /бір мектептен, мектеп, сынып, әйел, ер, аралас/;

- ақыл-ой даму деңгейі бойынша /жетілген деңгейлері негізінде/;

- жеке психологиялық типі бойынша /ойлау қабілеті, температура, мінез-құлық/;

- денсаулық деңгейі /жалпы топ, денсаулығы нашарлар, көз көруі, құ-

лағының естуі және т.б./.

Деңгейлеп оқыту мақсаты - әр сыныпта әр топтың, әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне сай жалпы білім беру.

Деңгейлеп оқыту ерекшеліктері:

- дәстүрлі оқытуға тән оқушыларды барлығын бірдей тең дәрежеде оқытуды қабылдамайды. Оқыту мазмұны әр сыныпқа, топқа, оқушыларға білімді қабылдау қабілетіне сай ұсынылады;

- мұғалімнің білімі нашарларға көмектесуге, қабілеті жоғарыларға ерекше назар аударға мүмкіндігі болады;

- оқушының өз қабілеттерін терең, жан-жақты жүзеге асыруға мүмкіндігі болады;

- «Мен» тұжырымы деңгейі көтеріледі, қабілеттің, білімділігін тереңдетеді, сенімі бекиді, білімі нашарлардың өзіне деген сенімі пайда болады;

- оқуға қызығушылық уәж пайда болады.

Деңгейлеп тапсырмалар дегеніміз – балаға шамадан тыс жүктеме беру емес, керісінше, оқушының біліміне, мүмкіндігіне сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған сатылы жұмыстар жүйесі. Жұмыста мұндай

саты төрт деңгейлік тапсырмалардан тұрады.

Сондықтан оқыту да қоғамдық құбылысқа жатады. Оқытуды екі түрлі мағынада қарауға болады. Біріншісі – мектепке арнайы пәндерді оқыту. Екіншісі – өмірде оқыту, өмірге үйрету. Тәрбиелеу, оқыту – егіз ұғым. Оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Л.Бектұрғанова. Әліппе. Оқушылардың таным әдебиетін жеделдету және олардың басқаруы. Шымкент, 2001.
2. Л.Бектұрғанова. Ана тілін жүйелі оқыту және оқушылардың өзін-өзі басқаруы (технологиялық әдістемелік 1-4 сыныптар үшін).
3. Л.Бектұрғанова. Қазақ тілі. Сауаттылықты жеделдету және оқушылардың өзін-өзі басқаруы.(жаңа технология әдістемелігі). Шымкент, 2001.
4. Л.Бектұрғанова. Дүниетану. Ізгілік ұстанымдары өзін-өзі басқаруы. (жаңа технология әдістемелігі). Шымкент, 2002.
5. Т.Т.Ғалиев. Интенсификация учебного процесса: системный подход. Астана, 2005.

Сұлтанбекова Ж.Х., аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

«Балалар бақшасында тәрбиелеу бағдарламасы» балалардың дене, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбиесін олардың жасына және жеке басының психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты қарастырады.

Бағдарламада қойылған міндеттер ойдағыдай жүзеге асу үшін, әрбір балалар бақшасының өзінің ұйымдастыру, педагогикалық: тұрмыс-тіршілі-

гіне қажетті жағдайлар жасалған, олардың тұрмысы мен алуан түрлі әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру мәселелері шешілген болуы қажет. Тәрбиеші шаттыққа толы көңіл-күй, бір-біріне деген тілектестік, қарым-қатынас, қызғылықты да танымдық сабақтар мен ойындар – осының бәрі әрбір баланы өзін баққыты сезінетіндей жағдай туғыза алатын болуы керек.